

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 48/8 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қаңтарда № 5307 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 шілдедегі № 11/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 25.07.2017 № 11/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабының 1-тармағына және 386-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде жер салығының мөлшерлемелері 50 (елу) пайызға жоғарылатылсын.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелері сегіз есеге жоғарылатылсын.

3. "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 13 шілдедегі 5046 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 18 шілдеде "Өскен өңір" газетінде жарияланған) аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 18 маусымдағы № 41 /2 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың

сессия төрағасы

Б. Сүлейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік

кірістер департаментінің Шиелі ауданы

бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

Ә. Оразбекұлы

Е. Абдрахманов _____

"23" желтоқсан 2015 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК